

2 «Алаш автономиясы – ұлттық тәуелсіздіктің негізі» атты республикалық конференция материалдары. Л.Н.Фумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. – Түркістан, 2017. – 190 б.

3 Қайырбек К. Әлихан әлемі. Көрсеткіш, мақалалар. - Алматы: Поғирафкомбинат, 2016. – 228 б.

ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВ ЖАЙЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

Мукашева С.Р. тарих пәні мұғалімі, педогог – зерттеуші
Каригулова С.С. тарих пәні мұғалімі, педогог - зерттеуші
№61 ЖББМ КММ

Қарағанды қаласы, Қазақстан

Аса көрнекті тұңғыш математик, профессор Әлімхан Ермековтың қазақ ғылымына қосқан қомақты үлесі жайлы және Кеңестік солақай саясаттың қуғынына ұшыраған Әлиханның тағдыры баяндалады. Сонымен қатар ғылыми зерттеулері мен еңбектері туралы мағлұмат беріледі. Қазақ тарихындағы ақтаңдақтарды тарих таразысына салу арқылы ақиқатты алып шығу мақсатында зерттеп, тақырыпты ашу. Қылышынан қан тамған қызыл империяның тұсындағы бүркемеленген тарихи шындықты зерттеген ғалымдардың еңбектерімен, сол тұлғалар жайлы тың деректерді қолдана отыра ақиқатты жария ету.

Әлімхан Әбеуұлы Ермековтың өмір жолына тоқталсақ өте тарамы көп ұзақ жол. Әлімхан Әбеуұлы Ермеков 1891 жылы Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданы, Қызылорда совхозы Бөріктас деген жерде дүниеге келген. Әкесі Әбеу халқына қадірлі, озық ойлы, орысша сауаты бар, өз дәуіріндегі зиялылардың бірі. Әли ата 1899 жылы Қарқаралыдағы қалалық училищеге оқуына түседі. Мектеп қабырғасында зейінді, алғыр екені көрінеді. Мектепті үздік бітірген Әлімханды әкесі Семейдегі ерлер гимназиясына әкеліп түсіреді.[1]

Рахилия – Әли атамен өмірдің қызығы мен ыстық-суығында да бірге болған аяулы жары. Бір қыз, бір ұл тәрбиелеген. 1960 жылдың күзінде қайтыс болған. Әли ата жұбайымен Томда бірге оқыған, Том медицина институтын бірге бітірген дәрігер еді.

Марқұмның жалғыз ұлы – Мағауия Әлімханұлы Ермеков – профессор, геология-минералогия ғылымының докторы, Қазақ ССР Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, ұзақ жылдар бойы Қарағанды политехникалық институтында ұстаздық қызмет атқарған, Ұлы Отан Соғысына қатысқан, 1921 жылы дүниеге келіп, 2006 жылы қайтыс болған.

Қызы Раушан білікті инженер маман, Бакуде тұрған. Ардақты тұңғыш профессор ағамыздың немерелес, аталас туысқандарының көбісі Жезқазған қаласында салауатты өмір сүруде.[1]

Әлімхан Ермековты алғашқы шәкірттерінің бірі, кейін Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Қажым Жұмалиевтің естелігінде алғашқы көруін тамаша суреттеген:

Сол жағындағы – доцент Ермеков ұзын бойлы, сұлу денелі, тіптік, қыр мұрынды, қараторы келген, айтарлықтай-ақ кісі екен. Сол кездің модасымен шашы ұзын, бірақ қылаусыз, мойылдай қап-қара... Алтын пенснесі жарқ-жұрқ етіп, әлде бір әңгімелер айтып профессор Фатовты күлдіріп келеді. Өзі де күледі жәп-жәй күлмейді, сақылдап қатты күледі. Ондай күлкі тек адал адамдарға тән ғой...[5]

Әлімхан Ермеков 1957 жылы 26 қарашада толық ақталады. Қарағанды тау-кен институтына жоғары математика кафедрасының ұстазы болып өмірінің ақырына дейін қызмет етеді. 1970 жылы 23 маусымда қайтыс болған.[1]

Тағылымды тағдыры. Әли ата 1899 жылы Қарқаралыдағы қалалық училищеге оқуға түседі. Мектеп үздік бітірген Әлімханды әкесі 1905 жылы Семейдегі ерлер гимназиясына әкеліп түсіреді. 1912 жылы Әлімхан Семей гимназиясын алтын медаль бітіріп шығады. 1925

жылы Қырғыз интеллигенциясын жұмылдыру туралы қаулы шығады. Осыған орай белгілер революционер сол кездерде Семей губерниялық атқару комитетінің төрағасы Әбілқайыр Досов Қарқаралыға келіп, Әли атамызды жұмысқа шақырады. 1926-27 жылдары өзінің іскерлігі, білімділігімен көзге түскен жас маман сол жылы Орынбордағы Мемлекеттік жоспарлау комитетінің председателі, әрі өнеркәсіп секциясының бастығы қызметіне жоғарылатылады. Сол жылдары Қазақ АССР ауылшаруашылығы банкісі басқармасының мүшесі қызметін де қоса атқарады. Семей, Орынбор, Карқаралы аймақтарында ерен еңбектерімен ел есінде каларлық істері көп. 1926 жылы Әлімхан Ермеков 6-шақырылған Қазақ АССР Орталық Атқару комитетінің мүшелігіне сайланады. 1930 жылы Қазақ Мемлекеттік зоотехникалық-малдәрігерлік институты болып қайда құрылғанда, Әлімхан Ермеков жаңа институтта профессор міндетін атқарып, кафедра басқарады. 1935 жылдың 1 мамырында Қазақстандағы тұңғыш ашылған техникалық жоғарғы оқу орны - тау-кен металлургия институтына шақырылады. 1935 жылы қараша айында F.M.Крижановскийдың төрағалық етуімен өткен Жоғарғы ғылыми аттестациялық сараптау комиссияда Ә.Ермеков профессор атағын қорғайды.

Сөйтін Әлімхан қазақ ұлтының зиялы ұлдарының ішінде тұңғыш рет математика профессоры атағына ие болды.

Өкінше орай саналы өмірінің 18 жылы қуғын мен сүргінде өткен ғұлама атамыздың профессорлық дипломы бүгінде сақталмаған... 1936 жылы Ә.Ермековтің ұсынысы бойынша кен-металлургия институтының бірінші, екінші курс студенттеріне арналған жалпы техникалық факультет ұйымдастырылады. Бұл факультетте ауыл мектебінен келген қазақ жастарына жоғары математика, физика, теориялық механика, химия және жоғары курстарда өтетін арнайы пәндердің негізі оқытылады. Ауыл жастарының орыс тілін жетік меңгермегендігі ескеріліп, сабақ негізінен қазақ тілінде жүргізіледі.

Алаштың алтын баласының ащы ақиқатын айта кетсек, отыз жетінші жылы халық басына қаратүнек орнады. Әлімхан Ермековтың ежелгі достары Санжар Аспандияров, Кұдайберген Жұбановтар «халық жауы» болып ұсталып кетті. Қазақстанның көрнекті мемлекет қайраткері, оқу-ағарту халық комиссары Темірбек Жүргенов те «халық жауы» ретінде ұсталады. Сол кездегі жағымпаз-жендеттер қоймай арызданып Ә.Ермековті қаматады. Ә.Ермеков жабылған жаладан үзілді-кесілді бас тартады. Імамырдан 17-шілдеге дейін жоғары жаққа алты рет арыз жолдап, әділдікті талап етеді.

1980 жылдардың соңына дейін «Алаш» деген атаудан шошына үріккен, секемшіл ұрпақ қалыптасты. Ә.Ермековтің 25 жыл өмірі қуғын-сүргінде, оның ішінде 18 жылы, өзі белсене құрған мемлекет түрмелерінде өтті.

Қазақстанда сталиндік саяси қуғын-сүргіннің негізгі толқындары 1928-1932, 1937-1938, 1947-1953 жылдары болғаны белгілі. Әлімхан Ермеков осы жылдар аралығында «ұлтшыл», «контрреволюцияшыл», «халық жауы» аталып сол 3 толқында 3 рет сотталды. 18 жылдан астам өмірін түрмелер мен саяси қуғын-сүргінде өткізіп, азап шегіп, аса ауыр моральдық соққыға ұшырады. [4]

Томбыдағы оқуын тастап, 1917 жылы 27 сәуір мен 7 мамыр аралығында өткен Семей облыстық қазақтар съезіне қатысады. Ортақ келісіммен Семей губерниялық жоспарлау басқармасы председателінің орынбасары болып тағайындалады. Негізгі мақсаты: «Алаш» партиясының құрудағы негізгі мақсатымыз қазақ халқының қамы еді ғой. Елі сай, жері бай, өсіп-өнген өнерлі халықтары бар мемлекеттермен терезесі тең түсетін қазақтың дербес мемлекетін құру еді. Ол мақсатқа жету үшін ұйымдастырушылық күші бар ұйым керек болды. Ол ұйым «Алаш» партиясы деп есептедік.....» [2]

1918 жылы сәуірдің 2-сі күні Әлімхан Әбеуұлы Ермеков, Алашорда басшысы Әлихан Бөкейханов және Халел Ғаббасов үшеуі Семейден тікелей байланыс желісі арқылы В. И. Ленинмен және сол кезде ұлт істері Халық комиссары И. Сталинмен сөйлеседі.

Бұл туралы КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты шығарған «Владимир Ильич Ленин. Биографическая хроника» - атты кітапта былай деп жазылған:

«Апрель, 2.

Ленин вместе с И.В. Сталином ведет переговоры с вызвавшими их к прямому проводу А. Букейхановым, Х. Габбасовым, и А. Ермековым, правительство «Алаш-Орда». (М., 1974 г. т. 5, стр. 352-3)

Ленин мен Сталин телеграмма арқылы төмендегідей жауап қайтарған: «Әр халықтың өз билігін өзіпе беріңіз. Жалғыз-ақ Совет өкіметін танысыңыздар. Қазақтың қамқорлары тезінен комиссиясын жасап, автономиясын жария қылуға асығар деп білеміз» - деп Ленин, Сталин қол қойған. (Ж. Аймауытов, «Абай» журналы, 3-нөмірі.

1918 жылдың майында РСФСР ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты жүйесінде қазақ бөлімшесі құрылады. Осы кезде Қазақстанда болашақ Қазақ мемлекеттігін әзірлеу жөнінде қызу жұмыс басталады.

Терең білімді, алғыр ойлы, таза жанды жас Әлімхан 1920 жылы май айында Семей губревкомының атынан Кирвоенревком орталығы Орынборға жіберіледі. Кирвоенревкомның 1920 жылғы 18 майдағы қаулысы бойынша Әлімхан Ермековке №2043 мандат беріп, «Қазақ өлкесінің жағдайы мен оның шекарасын белгілеу жөнінде» - баяндама жасау үшін Мәскеуге арнайы жіберіледі.

29 жасар талантты Ермеков Әлімханның үлкен жеңісі, әр көп ұлтты Қазақстан алдында сіңірген аса зор тарихи еңбегінің жемісі еді. Қазақ республикасының территориялық шекарасын Әли атаның жасаған еңбегі тарих алдындағы, қазақ халқының алдындағы перзенттік парызы абыройымен ақтағанының айғағы.

Осы тарихи деректер жарияланған күні Әлімхан Ермеков Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті (ВЦИК) Президиумның қаулысы бойынша Қазақ ревкомының мүшелігіне бекітілді.

1938 жылы жағымпаз жендеттер қоймай арызданып Ә.Ермековты қаматады, ақыры НКВД-ның әскери трибунадан 10 жылға бас еркінен айырып, Сібірге айдатады. Тынымсыз шығымданып, өзінің ақтығын дәлелдеудің нәтижесінде 1947 жылы түрмеден босатылып, Москваға бірден береді.

Оның терең білімділігі мен ғылымға деген ерекше қабілетін ертеден білетін Мәскеу оқымыстыларының айтуымен, Жоғарғы оқу Министрлігі Шымкент технология институтының математика кафедрасының меңгерушісі қызметіне жолдама береді. Осылайша сүйікті мамандығы ұстаздығын қайта бастайды.

Амал нешік, қуанышы ұзаққа бармай, тағдыр тауқыметінің көп азабын бастан кешкен Әли атамыз НКВД түрмесіне қайта жабылады. Осы лаңнан аяулы атамыз 1957 жылдың 26 қарашасында толық ақталып, қоныс аударып, Қарағанды тау-кен институтына жоғары математика кафедрасының ұстазы болып өмірінің ақырына дейін қызмет етеді. Өз халқын жан-тәнімен шексіз сүйген Әлімхан Ермеков бостандық даблын естісімен, қалайда қазақ халқын езгіден құтқарып, теңдік әперуді мақсат етеді.[1]

Әлімхан Әбеуұлы Ермековтың қазіргі ұрпаққа қалдырған мұрасы математика саласына қымбат. 1921 жылы Ермеков туған жері Қарқаралыға екі басқышты мектеп ашады. Қарқаралы – Ұлытау – Баян өлкесінің жастарын өнер-білім алуына ұйтқы болады. Осы оқу орнына Сібірден жер аударылған Петероград – Мәскеу қалаларының білікті ғалымдарын шақырады. Бірінші қабаты қызыл кірпіш, екіншісін ағаштан өргізіп жаңа оқу орнын іске қосады. Соңынан Қарқаралы педагогикалық училищесі осы мекенжайда ашылады. Осы жылдары Әли ата Қызыларай өңірінде (Бұрынғы Қоңырат, қазіргі Ақтоғай ауданының территориясы) бастауыш мектептері ашуға үлкен еңбек сіңірін, жастардың білім алуына жағдай жасайды. Бұл оқу орнын бітірген көптеген жастар осы өңірде, республика көлемінде халық арасында өнер білім таратып, жауапты қызметтерде болды, олардың қазір көзі тірілері де бар.[2]

1930 жылы жоғары оқу орындары үшін «Ұлы математика» курсы атты іргелі еңбегін қазақша жазады.

1935 жылы Әли атамыздың көп жыл бойы ізденуінің нәтижесінде «Ұлы математика курсы» - оқулығының 1-ші бөлімі жарыққа шығады. Бұл жоғары математикадан алғашқы

жарияланған ғылыми-әдістемелік қазақша оқулық еді. 3500 данасы шыққан. Ол жерде 7 тараудан тұратын тақырыптарайқындалып, түсіндірілген. Солардың бірі «Функциялық байлыныс және көрсету тәсілдері», «Сызықтық функция», «Екінші реттік сызықтар» т.б. [5]

Тұғыры бийік ғылыми зерттеулердің бірі – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары, белгілі ғалым Жанна Үркінбайқызы Қыдыралинаның «Әлімхан Ермеков: тағдыр және заман» атты орыс тілінде жазылды.

1998 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында Алаш көсемдері Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермековтің құрметіне еңселі ескерткіш орнатылды.

Осыдан 2 жыл бұрын Әлімхан атаның 15 жылдығына, тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай, Қарағанды қаласында атамиздығ атымен бірінші Республикалық математикадан олимпиада өтілді. 2018 жылы Ақтоғай ауданына қарасты Қызыларай ауылының 90 жылдығына орай Шабанбай би ауылындағы мектепке қоладан жасалған Әлімхан атаның ескерткіш орнатылды. Бүгінде Қарағанды, Қарқаралы қалаларының екі орталық көшесіне, Ағадыр кентінің № 131 орта мектебі мен Ақтоғай ауданы Қаратал ауылындағы орта мектепке Ә.Ермеков есімі берілген. Қарағанды қаласындағы Ә.Ермеков көшесінде «Әлімхан Ермеков» атты үлкен кітап дүкені ашылған. 2000 жылдан бастап Президенттік мәдени орталығындағы мұражайға Ә.Ермековке байланысты құжаттар мен суреттер жинақталып, алаш алыбына құрмет көрсетіліп келеді. [7]

Сөзімізді қорытындылай кетсек, Томскте оқып жүргенде, карт Потанин Әлімханға ағалық ақыл берін, оған: «Әлімхан сенің білімің - ол қазақтың білімі. Сол себепті жақсы оқы және өзгелерді оқыт» - деп, үлкен үміт артқан. Осы сөздерді Әлімхан аға өмірлік ұстанымына айналдырып, ақтық демі қалғанша ұлтымызға еңбек етті. Григорий Потанин Ермековке бекер назар аудармағанын уақыт дәлелдеді. [1]

Математика негізінің қалаушылардың бірі, өз заманының ұлжанды азаматы, азаттық ансаған ұлы зерттеушісі. Халқымыздың рухани өміріндегі ерекше ұлы тұлға Ә.Ермековтың есімі халқының жанында мәңгі сақталмақ. Оның есімі өзі ұзақ жылдар ұстаздық еткен Қарағанды тау-кен институтында ұмытылмайды деген ойдамын.

Ермеков – ғұмыры ғибратқа толы азамат әрі елін сүйген патриот! Ермеков – парасат пайымы заңғар, білікті ұстаз! Ермеков – қоғам және мемлекет қайраткері! Ол елі мен жерінің берекесін, тұтастығын жеке мүддесінен жоғары қойған дипломат! Ермеков – азаматтық ұстанымы берік, рухы бийік тұлға!

Әлімхан Ермеков барлық қырынан толық зерттелін анықталмаған саяси-әлеуметтік, ғылыми педагогикалық еңбектері көп. Қаншама куғын сүргін азабын тартса да, өмірінің соңына дейін мойымай, ақжарқын кейпін сақтай жүрін, тәуелсіздікке ұмтылған қайталанбас тұлғалардың бірі. Ә.Ермековтың есімін мәңгі есте қалдыру бүгінгі ұрпақтың парызы.

Пайдаланған әдебиеттер

1. К. Мәкенбаев, Қ. Садуақасов, «Алаштың ардағы. Әлімхан Ермеков», Жезқазған қаласы, 1992 жыл (1-30 бет)
2. «Орталық Қазақстан» 2014 ж. №32
4. «Аңыз адам журналы» №24(108) Желтоқсан 2014 жыл (36 бет)
5. «Жұлдыз», 1986 жыл, № 4 (134 бет)
6. «Білім және еңбек», 1967 ж. № 6 (13 бет)
7. 1том (А-К) «Қазақстан энциклопедиясы» Алматы, 2009 жыл (401 бет)
8. kk.wikipedia.org
9. youtube.com Әлімхан Ермеков, Қызыларайдың 90 жылдығы.